

Кемелерді өлшеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 4 маусымдағы № 359 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 6 маусымда № 18799 болып тіркелді.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 49-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Кемелерді өлшеу жөніндегі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Р. Скляр

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 4 маусымдағы
№ 359 бұйрығымен
бекітілген

Кемелерді өлшеу жөніндегі қағидалар

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кемелерді өлшеу жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы

Заңының 4-бабы 3-тармағының 49-1) тармақшасына және түзетулері қосылған 1969 жылғы Кемелерді өлшеу жөніндегі Халықаралық конвенцияға (бұдан әрі – Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция) сәйкес әзірленген және кемелерді өлшеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың талаптары ұзындығы 24 м дейін және әскери кемелерге қолданылмайды.

3. Кемені өлшеу жалпы және таза сыйымдылықтан тұратын оның сыйымдылығын анықтаудан тұрады.

4. Конструкциясы стандартты емес кемелер үшін Қағиларды пайдалану барысында есептік жалпы және таза сыйымдылық сәйкесінше кеменің жалпы көлемі мен пайдалы сыйымдылығын көрсету керек.

5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) борттың теориялық биіктігі - ол көлденең кильдің жоғарғы шетінен борт жанындағы жоғарғы палубаның төменгі шетіне дейін өлшенген тік арақашықтық. Ағаш және композициялық кемелерде осы арақашықтық кильдегі тығынның төменгі шетінен өлшенеді. Кеме ұзындығының ортасындағы түбінің нысаны иілген болса немесе жуандатылған тығын белдігі болса, онда борт биіктігі кильдің бүйір жақ бетінен түптің жалғастырылған жазық бөлігінің қиылысу нүктесінен өлшенеді.

Палубасы мен борт дөңгеленіп қосылған кемелерде борттың теориялық биіктігі, осы қосылу бұрыштық конструкция сияқты, палуба мен борт қаптамасының жалғастырылған теориялық сызықтарының қиылысу нүктесіне дейін өлшенуі керек.

Егер жоғарғы палуба шығыңқы болса және палубаның биік бөлігі борттың теориялық биіктігін өлшеу нүктесінің үстінен өтсе, онда борттың теориялық биіктігі палубаның төменгі бөлігінің биік бөлігіне қатарлас жалғасы болып табылатын шартты сызыққа дейін өлшенуі керек;

2) ені - кеме ұзындығының ортасында металл қаптамасы бар кемелерде шпангоуттың сыртқы шетіне дейін және басқа металдан жасалған қаптамасы бар кемелерде корпустың сыртқы бетіне дейін өлшенген ең үлкен ені болып табылады;

3) ұзындық – отыру кезінде кильдің жоғарғы шетінен өлшенген борттың минималды теориялық биіктігінің 85 % тең, ватерсызығы бойынша алынған кеменің толық ұзындығының 96 % тең ұзындықты немесе қайсысы үлкен екендігіне байланысты, форштевеньнің алдыңғы шетінен бастап сол ватерсызығы бойынша алынған руль баллерінің осіне дейінгі ұзындықты білдіреді. Дифферентпен жобаланған кемелер үшін ұзындық өлшенетін ватерсызығы конструктивті ватерсызығына қатарлас болуы тиіс;

4) жоғарғы палуба – теңіз бен ауа-райы әсеріне түсетін, теңіз әсер еткен кезде оның барлық ашық бөліктеріндегі барлық тесіктері жабылатын тұрақты, су өткізбейтін, және одан төмендегі кеме бортындағы барлық тесіктер су өткізбей жабуға арналған тұрақты құралдармен жабдықталған ең жоғарғы үздіксіз палуба болып табылады. Жоғарғы

палубасы шығыңқы кемелерде жоғарғы палуба деп, ашық палубаның ең төменгі сызығы және оның палубаның жоғарғы бөлігіне қатарлас жалғасуы қабылданады;

5) жалпы сыйымдылық – осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес анықталған кеменің ең үлкен көлемінің шамасын білдіреді;

6) жабық кеңістік – кеме корпусымен, тұрақты немесе бөлшектенетін аралықтармен, палубалар немесе тұрақты немесе тасымалы тенттерден (шатырдан) басқа жабындармен шектелген барлық кеңістік болып табылады;

7) таза сыйымдылық - осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес анықталған кеменің пайдалы көлемінің шамасын білдіреді;

8) мынадай кеңістіктер алып тасталатын кеңістіктер болып табылады:

палубадан палубаға дейін созылған, егер осы тесік ені осы тесік сызығы бойынша палуба еніне тең немесе 90% артық болса, шеткі тесікке қарсы имарат ішіндегі кеңістік (биіктігі көршілес палуба бисінің биіктігінен 25 мм артық емес жабын табағын ескермегенде). Осы жағдай, жабық кеңістіктен тек нақты соңғы тесік пен қатарлас жүргізілген сызық немесе осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес осы тесіктің сызығы бойынша палуба енінің жартысына тең тесіктің арақашықтығындағы тесік жазығы арасындағы жабық кеңістікті алып тастау үшін қолданылу керек;

егер орналасу ерекшеліктері салдарынан кеңістік ені, сыртқы қаптаманың тарылуынан басқа, 90% кем болса, онда жабық кеңістік көлемінен тек тесік сызығы мен тесіктің қатарлас сызығы немесе кеңістік ені көлденең бағытта осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, палуба еніне тең немесе 90% кем болатын нүктеден өткізілген параллель сызығы арасындағы кеңістікті ғана алып тастау керек;

егер 1) және/немесе 2) тармақшалардың негізінде алып тастау рұқсат етілуі мүмкін екі кеңістік мүлде ашық аралықпен бөлінсе (фальшборттың немесе ашық леердің болуы назарға алынбайды), онда, егер екі кеңістік арасындағы аралық, кем дегенде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес, осындай интервал ауданындағы палуба енінің жартысынан кем болса, осындай алып тастау қолданылмайды;

теңіз бен ауа-райының әсеріне ашық, жоғарыда жатқан палуба төсемі астындағы, оны ұстап тұруға арналған тіректерден басқа, кеме корпусының сырт жағымен басқа қосылуы жоқ кеңістік. Осындай кеңістікке ашық леерлер немесе фальшборттардың жоғарғы шеттері мен жабын табағы арасындағы арақашықтық 0,75 м кем емес немесе кеңістіктің 1/3 болса, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес, қайсысы үлкен болуына байланысты, ашық леерлер немесе фальшборттар мен жабын табағын орнатуға немесе кеме бортына баған орнатуға болады;

биіктігі 0,75 кем емес немесе имарат биіктігінің 1/3 борт тесігіне тікелей қарсы ауданда орналасқан бортқа дейін созылған имараттағы кеңістік.

Егер осындай имаратта тесік тек бір бортта ғана болса, онда жабық кеңістік көлемінен алып тастауға жататын кеңістік осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, осы

тесік ауданындағы палуба енінің жартысынан артық емес тесіктен диаметралды жазық жағына қарай шектелу керек;

жоғарыда жатқан палубада тікелей жабық емес тесік астына орналасқан кеңістік, егер осындай тесік ауа-райы әсеріне ашық болса, және жабық кеңістік көлемінен шығарылатын кеңістік, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, тесік алаңымен шектелген;

егер рецестің ішкі ені кірістегі оның енінен артық болмаса, ал имарат ішіндегі тереңдігі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес, кірістегі қосарланған енінен артық болмаған жағдайда, жабын құралынсыз, тесігі палубадан палубаға дейін созылған, ауа-райы әсеріне ашық имараттың шектеуші қоршауындағы рецесс.

Ескерту. Орыс тілдегі мәтіндегі 5-тармаққа өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгерілмейді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.07.2021 № 359 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Кемелердің сыйымдылығын, жарығын есептеуді және құжаттарды ресімдеуді қоса алғанда, кемелерді өлшеу жөніндегі жұмыстарды кеме иесінің өтінімдері бойынша шетелдік сыныптау қоғамдары жүзеге асырады.

Ескерту. Қағида 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.07.2021 № 359 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2 тарау. Кемелерді өлшеу тәртібі

1-параграф. Жалпы сыйымдылықты айқындау тәртібі

6. GT кемелерінің жалпы сыйымдылығы $GT=K_1V$ формуласы бойынша айқындалады, онда V — кемедегі барлық жабық кеңістіктердің текше метрмен берілген жалпы көлемі.

$K_1 = 0,2 + 0,02 \log_{10} V$ (кесте осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес).

2-параграф. Таза сыйымдылықты айқындау тәртібі

7. Кеменің таза сыйымдылығы NT мына формула бойынша айқындалады:

$$NT=K_2V_c(4d/3D)^2 + K_3(N_1 + N_2/10).$$

Мұндағы:

1) коэффициент $(4d/3D)^2$ бір бірліктен артықты қабылдамау керек;

2) $K_2V_c(4d/3D)^2$ мүшесі 0,25 GT кем қабылданбау керек.

NT 0,30 GT кем қабылданбау керек, онда:

- VC – жүк кеңістіктерінің текше метрмен берілген жалпы көлемі;

- $K_2 = 0,2 + 0,02 \log_{10} Vc$ (кесте осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес).
- $K_3 = 1,25 (GT + 10000)/10000$;
- D - кеме ұзындығының ортасындағы борттың метрмен берілген теориялық биіктігі ;
- d - кеме ұзындығының ортасындағы метрмен берілген теориялық шөгу;
- N_1 - төсектер саны сегізден артық емес каюталардағы жолаушылар саны;
- N_2 - қалған жолаушылар саны;
- $N_1 + N_2$ - жолаушы куәлігіне сәйкес, кемеде тасымалдауға рұқсат етілген жолаушылардың жалпы саны; $N_1 + N_2$ болған кезде 13-тен кем, онда N_1 мен N_2 нөлге тең деп қабылданады;
- 8. GT - кемеңің жалпы сыйымдылығы.
- 9. d теориялық шөгу:
 - 1) Жүк маркасы туралы Халықаралық конвенция әрекет ететін кемелер үшін - көрсетілген Конвенцияға сәйкес тағайындалған жазғы жүк маркасына (ормандық емес) сәйкес шөгу;
 - 2) жолаушылар кемелері үшін - кемеңі бөліктерге бөлетін ең жоғары жүк ватерсызығына немесе олардың қайсысы аз екендігіне қарамастан жазғы жүк маркасына сәйкес келетін шөгу;
 - 3) жүк маркасы тағайындалмаған, бірақ ұлттық қағидаларға сәйкес шөгуі шектелген кемелер үшін – барынша жоғары рұқсат етілген шөгу;
 - 4) қалған кемелер үшін - кеме ұзындығының ортасындағы борттың теориялық биіктігінің 75%.

3-параграф. Таза сыйымдылықтың өзгеру тәртібі

10. Егер осы Қағидалардың 6 және 7 тармақтарында айқындалған V , VC , d , N_1 немесе N_2 сияқты сипаттамалары өзгерсе немесе осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес айқындалған таза сыйымдылықтың артуына әкеліп соқса, кемеңің осы жаңа сипаттамаларына сәйкес кемеңің таза сыйымдылығы анықталып, дереу қолданылады.

11. Жүк маркалары бір уақытта тағайындалған кемелер үшін тек бір ғана таза сыйымдылық орнатылады. Осындай сыйымдылық кеме орындайтын тасымалдау сипатына сәйкес оған тағайындалған жүк маркасына қолданылады.

12. Егер осы Қағидалардың 6 және 7 тармақтарында айқындалған V , VC , d , N_1 немесе N_2 сияқты сипаттамалары өзгерсе немесе осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген тағайындалған тиісті жүк маркасы, кеме орындайтын тасымалдау сипатының өзгеруіне байланысты өзгерсе, ол Қағидалардың 7-тармағының ережелеріне сәйкес айқындалған оның таза сыйымдылығының азаюын болжайды, онда осылай

анықталған таза сыйымдылықты көрсететін Халықаралық өлшеу куәлігі (1969) алғашқы Куәлік берілген күннен бастап 12 ай өткеннен кейін ғана беріледі.

13. Көрсетілген талаптар мынадай жағдайларда:

- 1) егер кеме басқа мемлекеттің туын көтеріп жүзуге ауысса;
- 2) егер кеме тағайындалған жүк маркасын өзгертуді талап ететін, қондырманы алып тастау сияқты, маңызды, конструктивтік өзгерістерге немесе түрлендіруге ұшыраса;
- 3) арнайы рейстерде төсек орынсыз жолаушылардың көп санын тасымалдау үшін пайдаланатын жолаушылар кемелеріне қолданылмайды.

4-параграф. Көлемдерді есептеу тәртібі

14. Жалпы және таза сыйымдылық есебінен енгізілген барлық көлемдер корпус қаптамасының ішкі жағына немесе металл кемелеріндегі конструктивтік шектегіш қаптамаға дейін және корпус қаптамасының сыртқы бетіне дейін немесе басқа металдардан жасалған кемелердің конструктивтік шектегіш қаптамасының ішкі жағына дейін орнатылған оқшауларға және соған ұқсастарға қарамастан өлшенеді.

15. Шығып тұратын бөліктер көлемі жалпы көлемге енгізілуі тиіс.

16. Теңіз әсеріне ашық кеңістіктердің көлемі жалпы көлемнен алынып тасталуы мүмкін.

3-тарау. Халықаралық өлшеу куәлігі.

Ескерту. Қағида 3-тараумен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.07.2021 № 359 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Сыйымдылығы Қағидаларға сәйкес айқындалған халықаралық рейстерді орындайтын кемелерге шетелдік сыныптау қоғамдары Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенциямен бекітілген тәртіпте және нысан бойынша Халықаралық өлшеу куәлігін береді.

18. Кемеге Халықаралық өлшеу куәлігін беруді кеме иесінің өтінімі бойынша шетелдік сыныптау қоғамдары жүзеге асырады.

19. Кеменің жалауы, тіркеу порты, атауы, пайдалану кезіндегі шақыру сигналы өзгерген кезде Халықаралық өлшеу куәлігін ауыстыруға арналған өтінім өлшеу куәлігін бергенге дейін кемені жедел куәландыру мүмкіндігі бар шетелдік сыныптау қоғамдарына жіберіледі.

20. Кемеде бір ғана Халықаралық өлшеу куәлігі болады. Қолданыстағы халықаралық өлшеу куәлігі болған жағдайда кемеде сыйымдылық есебінің болуы міндетті емес.

4-тарау. Халықаралық өлшеу куәлігінің күшін жою.

Ескерту. Қағида 4-тараумен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 08.07.2021 № 359 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Егер кемедің кемелінің жалпы сыйымдылығының немесе таза сыйымдылығының ұлғаюына әкелетін осындай өзгерістер орын алса, Халықаралық өлшеу куәлігі күшін жояды және оны берген ұйым күшін жояды.

22. Халықаралық өлшеу куәлігі кемелінің атауы мен тіркелген порты өзгерген кезде, сондай-ақ Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенцияның 10-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кемелі басқа мемлекеттің туына берген кезде жарамсыз болады.

23. Халықаралық өлшеу куәлігі күшін жойған кезде шетелдік сыныптау қоғамдары бұл туралы Қазақстан Республикасы порттарының теңіз әкімшілігін хабардар етеді.

Кемелерді өлшеу жөніндегі
қағидаларға
1-қосымша


Төменде берілген суреттерде:

0 – алынып тасталатын кеңістік;




C – жабық кеңістік;

1 – жабық кеңістік ретінде қарастырылуы тиіс кеңістік (штрихталған бөліктерді де жабық кеңістік ретінде қарау керек);



B – тесік ауданындағы палуба ені.




Кемелерді өлшеу жөніндегі
қағидаларға
2-қосымша



Кемелерді өлшеу жөніндегі
қағидаларға
3-қосымша




Кемелерді өлшеу жөніндегі
қағидаларға
4-қосымша




h = кем дегенде $H/3$ немесе 0,75 м (2,5 фута), қайсысы үлкен болуына байланысты

Кемелерді өлшеу жөніндегі
қағидаларға
5-қосымша




Алынып тасталатын кеңістік ұзындығы

h = кем дегенде $H/3$ немесе 0,75 м (2,5 фута) қайсысы үлкен, соған байланысты




Борт тесіктеріне қарама-қарсы



Тесік тек бір жағынан


Кемелерді өлшеу жөніндегі
қағидаларға
6-қосымша



ABSD – палубаға тесік

ABCDEFGH кеңістігін алып тастау керек

Кемелерді өлшеу жөніндегі
қағидаларға
7-қосымша



Кемелерді өлшеу жөніндегі
қағидаларға
8-қосымша

K_1 және K_2 коэффициенттері V немесе V_c = текше метрмен берілген көлем

V немесе V_c	K_1 немесе K_2	V немесе V_c	K_1 немесе K_2	V немесе V_c	K_1 немесе K_2	V немесе V_c	K_1 немесе K_2
1 0	0,2200	45000	0,2931	330000	0,3104	670000	0,3165
2 0	0,2260	50000	0,2940	340000	0,3106	680000	0,3166
3 0	0,2295	55000	0,2948	350000	0,3109	690000	0,3168
4 0	0,2320	60000	0,2956	360000	0,3111	700000	0,3169
5 0	0,2340	65000	0,2963	370000	0,3114	710000	0,3170
6 0	0,2356	70000	0,2969	380000	0,3116	720000	0,3171

7 0	0,2369	75000	0,2975	390000	0,3118	730000	0,3173
8 0	0,2381	80000	0,2981	400000	0,3120	740000	0,3174
9 0	0,2391	85000	0,2986	410000	0,3123	750000	0,3175
1 0 0	0,2400	90000	0,2991	420000	0,3125	760000	0,3176
2 0 0	0,2460	95000	0,2996	430000	0,3127	770000	0,3177
3 0 0	0,2495	100000	0,3000	440000	0,3129	780000	0,3178
4 0 0	0,2520	110000	0,3008	450000	0,3131	790000	0,3180
5 0 0	0,2510	120000	0,3016	460000	0,3133	800000	0,3181
6 0 0	0,2556	130000	0,3023	470000	0,3134	810000	0,3182
7 0 0	0,2569	140000	0,3029	480000	0,3136	820000	0,3183
8 0 0	0,2581	150000	0,3035	490000	0,3138	830000	0,3184
9 0 0	0,2591	160000	0,3041	500000	0,3140	840000	0,3185
1000	0,2600	170000	0,3046	510000	0,3142	850000	0,3186
2000	0,2660	180000	0,3051	520000	0,3143	860000	0,3187
3000	0,2695	190000	0,3056	530000	0,3145	870000	0,3188
4000	0,2720	200000	0,3060	540000	0,3146	880000	0,3189
5000	0,2740	210000	0,3064	550000	0,3148	890000	0,3190
6000	0,2756	220000	0,3068	560000	0,3150	900000	0,3191
7000	0,2769	230000	0,3072	570000	0,3151	910000	0,3192
8000	0,2781	240000	0,3076	580000	0,3153	920000	0,3193
9000	0,2791	250000	0,3080	590000	0,3154	930000	0,3194
10000	0,2800	260000	0,3083	600000	0,3156	940000	0,3195
15000	0,2835	270000	0,3086	610000	0,3157	950000	0,3196
20000	0,2860	280000	0,3089	620000	0,3158	960000	0,3196
25000	0,2880	290000	0,3092	630000	0,3160	970000	0,3197
30000	0,2895	300000	0,3095	640000	0,3161	980000	0,3198
35000	0,2909	310000	0,3098	650000	0,3163	990000	0,3199
40000	0,2920	320000	0,3101	660000	0,3164	1000000	0,3200